



**Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитеті төрайымының 2001 жылғы 30 наурыздағы N 159 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 2 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1487. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 4 тамыздағы № 395 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010.08.04 № 395 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

**Б ұ й ы р а м ы н :**

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық

департаментінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 30 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі

V 9 8 0 4 8 9 \_

нұсқаулыққа

қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төрайым

Келісілген

Қазақстан Республикасының  
Қаржы бірінші вице-министрі  
2001.03.30.

Бекітілген

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі  
Қазынашылық комитетінің  
2001.03.30. N 159 бұйрығы

Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі  
нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 30 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп жөніндегі V980489\_ нұсқаулыққа мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 және 2-тармақтардағы "есебін" деген сөзден кейін "бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялардың есебін" деген сөздермен толықтырылсын;

10-тармақтың бесінші абзацындағы "есебін" деген сөзден кейін "бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялардың есебін" деген сөздермен толықтырылсын;

### 3 2 - т а р м а қ т а :

Мемлекеттік мекемелерге арналған шығыстар сметасы орындалуының бухгалтерлік есебі шоттарының жоспарында:

#### V "Ақшалай қаржылар" бөлімінде:

09 "Бюджет бойынша ашылған лимиттер" шоты 098 "Республикалық бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар жөніндегі лимиттер" қосалқы шотымен толықтырылсын;

10 "Жергілікті бюджеттер жөніндегі лимиттер" шоты 108 "Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар жөніндегі лимиттер" қосалқы шотымен толықтырылсын;

#### VII "Есеп айырысу" бөлімінде:

15 "Орындалған жұмыстар және көрсетілген қызметтер үшін берермендермен, мердігерлермен және тапсырысшылармен есеп айырысу" шоты 158 "Бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар бойынша есеп айырысу" қосалқы шотымен толықтырылсын;

### 1 1 5 - т а р м а қ :

098 "Республикалық бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар жөніндегі лимиттер" қосалқы шотымен толықтырылсын;

120-2-тармақ 120-3-тармақ болып саналсын;  
мынадай мазмұндағы 120-2-тармақпен толықтырылсын:

"120-2. 098 "Республикалық бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар жөніндегі

лимиттер" қосалқы шотында республикалық бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық немесе заттай бөлігінің есебінен мемлекеттік мекеменің шығыстарына және басқа да іс-шараларға арналған ашық лимиттердің сомасы ескеріледі.

Мемлекеттік мекемелерде республикалық бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар бойынша қорытындылар:

республикалық бюджеттік бағдарламалар үшін - N 1 нысан бойынша қазынашылық рұқсаттың негізінде;

бағынысты мемлекеттік мекемелер үшін - олар N 2 нысан бойынша немесе N 2-а нысаны бойынша алған рұқсаттардың негізінде республикалық бюджеттің есебінен қаржыландыру ретінде көрсетіледі. Бұл ретте оларда республикалық бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар бойынша көрсетілген сома 098-қосалқы шотының дебеті бойынша және 230 "Мемлекеттік мекеменің шығыстарын және басқа шараларды бюджеттен қаржыландыру", 140 "Мемлекеттік мекеменің шығыстарын және басқа шараларды бюджеттен қаржыландыру жөніндегі есептер" қосалқы шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі. Бір уақытта 158 "Бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар бойынша есеп айырысу" қосалқы шотының дебеті бойынша және 098-қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіле отырып, екінші жазба жүргізіледі. Қаржы жылы аяқталғаннан кейін жүргізілген шығыстарды есептен шығару тиісінше 230, 140-қосалқы шоттарының дебеті бойынша және 200-қосалқы шоттың кредиті бойынша қорытынды айналымдармен жүзеге асырылады.";

125-тармақ 108 "Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар жөніндегі лимиттер" қосалқы шотымен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 127-1-тармақпен толықтырылсын:

"127-1. 108 "Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар жөніндегі лимиттер" қосалқы шотында жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық немесе заттай бөлігінің есебінен мемлекеттік мекеменің шығыстарына және басқа да іс-шараларға арналған ашық лимиттердің сомасы ескеріледі.

Жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерде жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар бойынша қорытындылар қаржылық рұқсаттың негізінде жергілікті бюджеттің есебінен қаржыландыру ретінде көрсетіледі.

Бұл ретте оларда жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және

заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар бойынша көрсетілген сома 108-қосалқы шотының дебеті бойынша және 230 "Мемлекеттік мекеменің шығыстарын және басқа шараларды бюджеттен қаржыландыру", 140 "Мемлекеттік мекеменің шығыстарын және басқа шараларды бюджеттен қаржыландыру жөніндегі есептер" қосалқы шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі. Бір уақытта 158 "Бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар бойынша есеп айырысу" қосалқы шотының дебеті бойынша және 108-қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіле отырып, екінші жазба жүргізіледі. Қаржы жылы аяқталғаннан кейін жүргізілген шығыстарды есептен шығару тиісінше 230, 140-қосалқы шоттарының дебеті бойынша және 200-қосалқы шотының кредиті бойынша қорытынды айналымдармен жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 141-1-тармақпен толықтырылсын:

"141-1. Мемлекеттік мекемелерде тиісті бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар бойынша қорытындылар тиісті бюджеттің есебінен қаржыландыру ретінде көрсетіледі .

Бұл ретте оларда тиісті бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар бойынша көрсетілген сома тиісінше 098 "Республикалық бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар жөніндегі лимиттер", 108 "Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар жөніндегі лимиттер" қосалқы шоттарының дебеті бойынша және 140 "Мемлекеттік мекеменің шығыстарын және басқа шараларды бюджеттен қаржыландыру жөніндегі есептер" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі. Бір уақытта 158 "Бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар бойынша есеп айырысу" қосалқы шотының дебеті бойынша және 098, 108-қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіле отырып, екінші жазба жүргізіледі. Қаржы жылы аяқталғаннан кейін жүргізілген шығыстарды есептен шығару 140-қосалқы шотының дебеті бойынша және 200-қосалқы шотының кредиті бойынша қорытынды айналымдармен жүзеге асырылады . " ;

149-тармақ 158 "Бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар бойынша есеп айырысу" қосалқы шотымен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 156-1-тармақпен толықтырылсын:

"156-1. 158 "Бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар бойынша есеп айырысу"

қосалқы шотында мемлекеттік мекемелердің бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық немесе заттай бөлігіне байланысты операциялар бойынша есеп айырысулары ескеріледі.

Мемлекеттік мекемелер активтердің, арзан құнды және тез тозатын заттардың және басқа да материалдық құндылықтардың түсуін тиісті 01, 04, 06, 07-қосалқы шоттардың дебеті бойынша және 158-қосалқы шоттың кредиті бойынша ескереді. Бір уақытта түскен активтердің және арзан құнды және тез тозатын заттардың құнына 200 "Бюджет бойынша мемлекеттік мекемені ұстауға және басқа шараларға арналған шығыстар" қосалқы шотының дебеті бойынша және 250 "Активтердегі қорлар", 260 "Арзан құнды және тез тозатын заттардағы қорлар" қосалқы шоттарының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Кадрларды оқыту, жабдықтарды жөндеу және жұмыстар мен мемлекеттік мекемеге көрсетілетін қызметтердің басқа да түрлері бойынша шығыстар 200-қосалқы шоттың дебеті және 158-қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі.

158-қосалқы шот бойынша есеп айырысулардың талдамалық есебі әрбір операция бойынша 292-а нысан карточкаларында (292 нысан кітабында) жүргізіледі. ";

196-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Бұдан басқа, осы қосалқы шотта бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық немесе заттай бөлігі есебінен мемлекеттік мекемені ұстауға және басқа шараларға арналған шығыстар ескеріледі. ";

210-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік мекемелерде тиісті бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар бойынша қорытындылар тиісті бюджеттің есебінен қаржыландыру ретінде көрсетіледі.

Бұл ретте оларда тиісті бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар бойынша көрсетілген сома тиісінше 098 "Республикалық бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар жөніндегі лимиттер", 108 "Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар жөніндегі лимиттер" қосалқы шоттарының дебеті бойынша және 230-қосалқы шоттың кредиті бойынша көрсетіледі. Бір уақытта 158 "Бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар бойынша есеп айырысу" қосалқы шотының дебеті бойынша және 098, 108-қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіле отырып, екінші жазба жүргізіледі. Қаржы жылы аяқталғаннан кейін жүргізілген шығыстарды есептен шығару 230-қосалқы шоттың дебеті бойынша және 200-қосалқы шоттың кредиті бойынша қорытынды айналымдармен жүзеге асырылады. ";

көрсетілген нұсқаулықтың 2 "Негізгі бухгалтерлік операциялар бойынша қосалқы шоттардың корреспонденциясы" қосымшасында: мынадай мазмұндағы 64-1-тармақпен толықтырылсын:

"64-1. Бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар бойынша лимиттер ашу, дебет бойынша бағанда - "098, 108", кредит бойынша бағанда - "230, 140".

Бір уақытта екінші жазба жүргізіледі, дебет бойынша бағанда - "158", кредит бойынша бағанда - "098, 108";

мынадай мазмұндағы 114-1 және 114-2-тармақтармен толықтырылсын:

"114-1. Бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне

және оларды жұмсауға байланысты операциялар бойынша материалдық құндылықтардың түсуі дебет бойынша бағанда - "013-019, 040-041, 060-069, 070", кредит бойынша бағанда - "158".

Бір уақытта активтерді (негізгі құралдарды) және арзан құнды және тез тозатын заттарды есепке алу кезінде екінші жазба жүргізіледі, дебет бойынша бағанда - "200", кредит бойынша бағанда - "250, 260".

114-2. Бюджетке түсетін түсімдердің тауарлық және заттай бөлігіне және оларды жұмсауға байланысты операциялар бойынша (кадрларды оқыту, жабдықтарды жөндеу және жұмыстар мен қызметтердің басқа да түрлері бойынша) шығыстар, дебет бойынша бағанда - "200", кредит бойынша бағанда - "158".

Мамандар:

Икебаева Ә.Ж.

Жұманазарова А.Б.